

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Философия және саясаттану факультеті Дінтану және мәдениеттану кафедрасы

«Миссионерлік әдістері» пәні бойынша дәріс тезистері

Дәріс 1. Миссионерлік ұғымы: генезис және эволюция

Дәрістің мақсаты – студенттердің миссионерлік ұғымы және оның адамзат тарихында қалыптасуы туралы түсініктерін қалыптастыру. Миссионерлік ұғымының спецификасын, миссия, прозелитизм, уағыз-насихат және діни конверсия ұғымдарын айшықтау.

Дәрістің негізгі мәселелері:

1. Миссионерліктің шығу тегі мен эволюциясы;
2. Негізгі түсініктер: миссия, уағыз, прозелитизм және діни конверсия;
3. Миссиология ілімінің мәні.

Миссионерлік – діни қызметтің маңызды түрлерінің бірі, әсіресе әлемдік деп аталатын діндермен байланысты пайда болған ұғым. Миссионерлік ұғымы ғылыми қолданысқа христиан дінінің категориалды аппаратынан алынды. Сол себепті бұл термин батыста қалыптасқан дәстүр аясында қолданылады. Бастапқыда миссионерлік сөзі «сенімді тарату», «Евангелиені насихаттау», «шіркеулерді құру», «халықтарды оқу-ағарту ісі» мағыналарын білдірсе, кейіннен миссионерлерді өзге елге жіберу, миссионерлердің қызметі, оларды жіберген ұйымдар және діни сенімді тарататын аймақтарды білдірді. Діни ілім тұрғысынан болса, миссионерлікке сенімді насихаттау, Құдай патшалығын орнату, пұтқа табынушылардың сенімді қабылдауы және жаңа шіркеулердің пайда болуы деген анықтамалар берілді.

Миссионерліктің шығу тегі мен эволюциясын қарастыру христиандықтың таралуымен, сондай-ақ империялық мемлекеттердің өзге елдерді отарлауындағы саяси және рухани экспансия тарихымен тығыз байланысты. XV ғасырдың соңында Колумбтың Американы ашуы, Васко де Гаманың Үндістанға теңіз арқылы жол салуы әлемдік тарихта жаңа кезеңнің, яғни еуропалық мемлекеттердің Азия, Африка, Америка халықтарын отарлаудың басталуына себеп болды. Жаңа жерлер ашылғаннан кейін миссионерлер христиан дінін жергілікті тұрғындарға таратуды басты мақсаты ретінде білді. Осы кезеңнен бастап «миссия» сөзінің жаңа мағынасы пайда болды. Шіркеу үшін шалғайда жатқан колонияларға өз өкілдерін «жіберу» құқығы аса маңызды болды. Арнайы тағайындалған шіркеу қызметкерлерінің жұмысы «миссия», ал олардың өздері «миссионерлер» деп аталды. Уақыт өте келе, батыста миссия атауына саяси және дипломатиялық елшіліктер ие болды. XVIII ғ. православ шіркеуінде «рухани миссиялар» қалыптасты. Алғашқы орыс рухани миссиясы 1713 ж. құрылған Қытай (Пекин) миссиясы болды. Осылайша, XIX ғ. аяғында «миссия» сөзінің мағынасына «өкілеттілік», «борыш» және «ерекше міндет» деген ұғымдар қосылды.

Миссионерлікті анықтауға тырысқан авторлардың түсіндірмелерінде бұл ұғым белгілі бір сынға ұшырады. Мәселен, кейбір сөздікте «миссионерлік» ел ішінде және шет мемлекеттердегі өзге дін ұстанушыларының арасында дінді таратуға бағытталған шіркеу ұйымдарының қызметі және отарлау кезеңінде белең алған идеологиялық экспансия формаларының бірі ретінде сипатталды. Кейіннен, миссионерлік ұғымына қатысты сипаттаманың мазмұны жұмсарып, отарлау саясатының құралы ретінде қараумен қатар, оның гуманистік, адамгершілік бағытта әрекет еткені жөнінде айтыла бастады.

Д. Боштың айтуынша, ХХ ғасырдың 50-жылдарына дейін «миссионерлік» сөзі нақты бір қатаң мағынада қолданылмаса да, барынша шектеулі мағынаға ие болды. Миссионерлік сөзі мынандай мағыналарды білдірді: 1) белгілі бір мемлекеттерге миссионерлерді жіберу; 2) жіберілген аймақтардағы миссионерлердің қызметі; 3) миссионерлер қызмет атқарған аймақтар; 4) миссионерлерді жіберуші ұйымдар; 5) христиандық емес әлем немесе қызмет алаңы; 6) миссионерлер қызмет атқарған «алаңдағы» орталық. Басқаша мағынада бұл ұғым мынандай мағыналарды білдіруі мүмкін: 1) барынша беделді қызмет атқаратын шіркеу қызметіне тәуелді тұрақты қызметкері жоқ қауым; 2) христиан сенімін номиналды түрде ғана христиан болып табылатын ортада тереңдету мен кеңейтуге бағытталған қызмет.

Миссионерлік ұғымымен байланысты, кейінгі кезде ғылыми айналымда «прозелитизм», «діни конверсия» терминдері қолданылады. «Прозелитизм» сөзі гректік («про», «бағыт бойынша») және (ἐρχομαι – болашақ) сөздерінің (прозелитос – жаңа келуші) мағынасында қосылуы арқылы шыққан. Прозелитизм (грек тілінен аударғанда – бір жерден, қауымнан, сенімнен басқаға ауысқан келуші; Жаңа Әсиетте прозелит ретінде иудаизмді қабылдаған пұтқа табынушыларды атайды) – белгілі бір сенім өкілдерінің басқа сенімдегі тұлғаларды өз сеніміне қарату бағытындағы әрекеті түсіндіріледі. Прозелитизм сөзі ерте христиандыққа байланысты қолданылса да, қазіргі уақытта ол кез келген діннің өз көзқарасына басқа дін өкілдерін тартуды білдіретін түсінік. Прозелитизм – христиандық бойынша, басқа діни конфессиядан немесе пұтқа табынушылықтан белгілі бір христиан конфессиясына ауысу мағынасын береді. Прозелитизм өз мақсатына жету үшін бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалану арқылы уағыздау, концерттік залдар мен спорт алаңдарында жиындар өткізу, діни әдебиеттерді тарату, түрлі газеттер мен журналдарды шығару, жастарды түрлі білім беру шаралары арқылы тарту, олардың оқуын қаржыландыру, гуманитарлық көмек көрсету сияқты іс-шараларды пайдаланады. Жасырын прозелитизм де бар: бұл медициналық көмек көрсету, шет тілдерін үйрету және т.б. Прозелитизмді миссионерліктің формасы деп айтуға болады. Бірақ прозелитизм өз қатарына неофитті тарту үшін материалдық көмек көрсету сияқты айла-амалдарды, сонымен қатар адамға зиянын тигізетін түрлі психотехникалық әдістерді пайдаланады. Дегенмен прозелитизмді діни сенімдер қолдамайды және оған қарсы. Бірақ, біздің ойымызша, прозелитизм ұғымы миссионерлік қызмет мазмұнын анықтайды.

Ал енді конверсия ұғымына келер болсақ, этимологиялық тұрғыдан «конверсия» сөзі (лат. *conversio*) «түбегейлі өзгеру, төңкеріс», «бағыттың өзгеруі» мағынасын білдіреді. Әрбір доктрина (діни немесе саяси) өзінің сенушілерінен толық және абсолютті бағынуды талап етеді, өзін әмбебап, миссионерлік дін ретінде көрсетеді. Ол уағыз-насихатты пайдаланады, кейде өзінің ақиқаттылығына сенімді болып, күшпен мәжбүрлеу арқылы өзіне тартуы мүмкін. Жалпы алғанда, конверсия адамның сырт келбетінің, мінез-құлқының, дүниетанымының, өмір сүру салтының өзгеруін білдіреді. Конверсия адам табиғатының екі ұдайылығын көрсетеді. Діни конверсия адамның діни сенімді таңдау ісінде еркін екендігін білдіреді. Бірақ сөйте тұра адамның басқа діннің, идеяның ықпалына түсіп кететіндей еріксіздігін көрсетеді. Қалай десек те, миссионерлік қызмет нәтижесінде дінді қабылдаған адамның санасы түгелдей дерлік өзгереді.

Діни конверсияда мынандай компоненттер болуы тиіс:

- өмірдегі діни сеніммен байланысты өзгерісті кезеңді сезіну;
- сенушілердің өміріндегі өзгерістер (сенімді иелену);
- аталған сәттің сенуші өмірінде жоғары мәнге ие болуы. Егер конверсияның бірінші

сипатын когнитивті деп атауға келетін болса, екіншісі – аталған тәжірибенің бағалаушылық, эмоционалды мазмұнына ие; сенімді иеленудің салдарын сезіну мен рефлексия. Ендігі кезде сенушілер өміріндегі өзгерістер, «ақиқатты» немесе «шынайы» өмірге қол жеткізгені жайлы айта бастайды.

Конверсия мен миссия арасындағы байланыс әртүрлі діндер де түрлі деңгейде көрініс тапқанымен, әлемдік діндерде (буддизм, христиан, ислам) ерекше айқын байқалады. Мәселен, буддизмдегі конверсия ұғымы көбінесе «ағару, нұрлану, сананың түбегейлі

өзгеруі» ұғымдарымен байланысты. Яғни буддизм дінін ұстанған адамның санасы, дүниетанымы мүлдем өзгереді. Ал христиандық пен исламдағы конверсия (дінге келу) себептеріне келер болсақ, күшпен мәжбүрлеу, жана саяси режимнің орнауы, бір құдайлық дін болумен (бұл пұтқа табынушылық және примитивті діндерге қатысты) байланысты. Сонымен бірге, христиан дінінде конверсия қайырымдылық және бауырластық қауымдарының тартымдылығы, әйелдердің қоғамдағы жаңа рөлін ескеріп, дінге үндеу және түрлі әдіс-тәсілдердің қолданылуымен сипатталады. Ислам дініндегі конверсия мұсылманның салықтан босатылуы, сауда байланыстары, неке және сопылық рухани практикалар арқылы мистикалық, сенушілерді қажеттіліктеріне сай трансцендентті тәжірибемен қамтамасыз ету нәтижесінде жүзеге асады.

Жалпы алғанда, «Прозелитизм» миссионерліктің формасы ретінде анықталса, «діни конверсия» оның ішкі мазмұнын құрайды деген тұжырымға келіп саяды.

Бақылауға арналған сұрақтар:

1. Миссия ұғымына өзіндік тұжырымдама;
2. Миссионерліктің пайда болу тарихына шолу;
3. Өткен ғасыр мен қазіргі кезеңдегі миссионерлік қызметтің ерекшелігі;
4. «Прозелитизм», «миссионерлік» ұғымдарының айырмашылықтары.

Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

1. Курманалиева А.Д., Утебаева Д.С., Әскенұлы Е. Миссионерлік әдістері. – А., 2019 – 178 б.
2. Медведев, А.В. Сакральное как причастность к абсолютному. – Екатеринбург: Банк культурной информации, 1999. – С. 76-79 // <http://vikent.ru/enc/5631/>
3. Бош, Д. Преобразование миссионерства: сдвиги парадигмы в богословии миссионерской деятельности. – СПб.: Библия для всех, 1997. – 640 с.
4. Құрманалиева А.Д. Адамзат тарихындағы миссионерліктің қалыптасу ерекшеліктері / А.Д. Құрманалиева, Д.С. Утебаева // ҚазҰУ Хабаршысы, Философия сериясы, Мәдениеттану сериясы, Саясаттану сериясы. – 2015. – №1(50). – Б. 230-236.
5. Чернышев, В.М. Миссиология. – СПб.: Издательство имени святителя Льва, папы Римского, 2010. – Ч.1 // <http://lib.kdais.kiev.ua>